

Материалдық емес активтер есебі



Гудвилл

- Оны кейде “Фирма бағасы” деп те атайды. Гудвилл материалдық емес активтер шотында есептелініп, сонымен қатар ол бір кәсіпорын екінші бір кәсіпорынды толығымен сатып алған кезде немесе екі кәсіпорын қосылған уақытта ғана пайда болады.
- Гудвилл болып сатылып алынған кәсіпорынның нақты нарықтық бағасымен оның барлық активтерінің баланстық құны арасындағы айырмасы есептелінеді.
- Егер сатылып алынған құны олардың баланстық құнынан артық болса, онда құндар арасындағы айырмашылық “жағымды”, ал кем болса “жағымсыз” деп аталады.



- Кәсіпорында материалдық емес активтер басқа заңды немесе жеке тұлғалардан сатылып алыну, басқалардың субсидия ретінде немесе сыйға беруі барысында, сондай-ақ кәсіпорынның өз ішінде ойлап табуы негізінде пайда болады.
- Объектілерді материалдық емес активтердің қатарына енгізу тәртібі және олардың құрамы белгіленген заңдарға сәйкес тиісті нормативтік актілерде қарастырылған.



- **Материалдық емес активтер** – белгілі бір нақтылы табиғи пішіні жоқ, ақша немесе зат түріндегі активтер қатарына жатпайтын, бірақ қандай да бір бағаға, құнға бағаланатын болғандықтан кәсіпорынға өнім өндіруде, тауарларды сатуда, қызмет көрсетуде, негізгі құралдарды жалға беруде немесе әкімшілік қызмет барысында ұзақ уақыт бойы қосымша табыс әкеліп тұратын активтер.

Материалдық емес активтер:

- Лицензиялық келісімдер
- Программалық жабдықтар
- Патенттер
- Ұйымдастыру шығындары
- Гудвилл
- Франчайзинг
- Сауда маркалары
- Авторлық құқық



Материалдық емес активтер кәсіпорынның балансында бастапқы құны бойынша кірістке алынады. Олардың бастапқы құны келесідей анықталады:

- Құрылтайшылар мен үлес қосушылардың кәсіпорынға жарғылық қорына қосқан үлесі есебінен келіп кіріске алынған материалдық емес активтердің бағасы екі жақты нақты келісім бойынша бағаланады.
- Заңды және жеке тұлғалардан тегін алынған материалдық емес активтер сол уақыттағы нарықтық баға бойынша бағаланады.
- Басқа заңды және жеке тұлғалардан сатып алынған материалдық емес активтер, ол объектілерді сатып алуға және оларды пайдалану үшін жұмсалған сомаларының қосындысы бойынша бағаланады.

“Ноу-Хау”

- “Ноу-хау” деп шаруашылық қызметі барысында субъектіге табыс беретін жаңа технологиялық шешімдер мен жаңалықтарды, құпия мәліметтерді, айрықша құқықтарды айтуға болады.
- “Ноу-хау”-ды кәсіпорынның үлес қосушылары мен құрылтайшылары өздерінің ұйымдағы жарғылық қорға қосқан үлесі есебінде береді.
- “Ноу-хау”-дың бағасы, яғни бастапқы құны оны кәсіпорынға кіріске алатын уақыттағы екі жақты нақты келісім бойынша белгіленеді.



Лицензиялық келісімдер

- Ол белгілі бір заңды тұлғаның бір тауарды өндіру немесе сату құқығын екінші бір заңды тұлғаға беруі болып табылады. Ал бұл құқыққа ие болған кәсіпорын оның иесіне материалдық емес актив үшін тиісті белгіленіп келісілген мөлшерде қаржы төлейді немесе келісім бойынша басқа да міндеттерін орындайды.



Программамен жабдықтау



- Материалдық емес активтердің бұл түрі кәсіпорынның алдағы уақыттарда істелінетін жұмыстарына қатысты табыс әкелетін ақпараттар мен мәліметтерді айтады.



Патент

- Бұл материалдық емес актив жеке адамның немесе топтың, сондай-ақ заңды тұлғаның ашқан, ойлап тапқан жаңалығын мемлекеттік тұрғыдан мойындап және ол жаңалықты ашқан адамға, топқа немесе заңды тұлғаға рұқсат беру туралы құжат болып табылады.
- Патент – кәсіпкерліктің кейбір түрімен айналысу үшін берілген құқықты куәландыратын құжат.



Ұйымдастыру шығындары



- Бұл шығындарға кәсіпорында жаңадан ашу, құру кезінде жұмсалған шығындар, яғни ұйымды тіркеуден өткізуге және оны тіркеуден өткізу үшін заң орындарына төленген төлемдер, банктерден есеп айырысу немесе валюталық, басқадай шоттар ашу үшін жұмсалған шығындар жатқызылады.